



БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 22 сәуір

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 184

город Астана

**«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 18 сәуірдегі № КГИП-03-КГ/4579 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің мүшесі Болат Тұрғанұлы Төкежановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына Сарбаева Ақнұр Рахымқызы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаменті директорының орынбасары сайлансын.

3. Ақнұр Рахымқызы Сарбаеваның өкілеттік мерзімі Қоғамның директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі біткен соң аяқталатын болып айқындалсын.

4. Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Blank serial number is not required. The document is valid from the date of signing. The document is signed in the presence of the authorized person. The document is signed in the presence of the authorized person.